



Бәсі биік бес жүлде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық құндылықтарды ұлықтап, тарихи-мәдени мұраны сақтауға және оны кейінгі ұрпаққа аманаттауға айрықша мән беріп келеді. Президент тапсырмасымен ел көлемінде төл мәдениетті дәріптеу, ата кәсіпті жанғырту және ұлттық өнімдерді кеңінен таныту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның жарқын көрінісінің бірі – қазактың қасиетті сусыны қымыздың мәртебесін асқақтатқан халықаралық «BaiQymyz-2026» гастротививали. Астана төрінде өткен дүбірлі додада аймақтың қымыз өндірушілері үшін айрықша табысты аяқталды. Ұлттық сусынның қадірін арттырып, еліміздің әр өңіріндегі қымыз бапкерлерінің басын қосқан дүбірлі додада кенді өлкенің өкілдері бес бірдей жүлдені қанжығасына байлады.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екі күн бойы елорданы қымыздың хош иісіне бөлеген халықара-

лық фестивалге 70 мыңнан астам адам келді. Еліміздің түпкір-түпкірінен және шетелден жиналған 59 өндіруші жұртшылыққа 56 тонна қымыз ұсынып, өнімдерінің

сапасын, дәмін, дайындалу технологиясын және дәстүр сабақтастығын сарапшылар талқысына салды.
– Қымыздың құрамын, дәмін,

дайындалу ерекшелігін бағалағанда барынша объективті болуға тырыстық.

► 4-бет

«Жасыл ел» жасақтары жарап тұр

Жас ұрпақ еңбек нарығына бұрынғыдан мүлде басқа көзқараспен келіп жатыр. Олар үшін жоғары жалақы ғана емес, кәсіби даму, икемді жұмыс тәртібі және қоғамға пайда келтіру де маңызды. Осындай жағдайда мемлекет жүзеге асырып отырған «Жасыл ел» бағдарламасы жастардың алғашқы еңбек мектебіне айналып отыр. «Жас келсе – іске» деген қағиданы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастар саясатының маңызды бағыты ретінде үнемі атап келеді. Президенттің айтуынша, жастарды еңбекке баулу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоғамдық пайдалы іске жұмылдыру – елдің тұрақты дамуының негізгі тетіктерінің бірі. Осы міндетті жүзеге асыруда екі онжылдықтан бері жалғасып келе жатқан «Жасыл ел» бағдарламасы мыңдаған жастың алғашқы еңбек мектебіне айналды. Биыл облысымызда да жобаға деген қызығушылық артып, маусымдық жұмысқа орналасуға ниет білдірген жастардың қатары көбейді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда жастарды жұмыспен қамту – мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі. Президент жастардың сапалы білім алып қана қоймай, еңбек нарығына еркін бейімделуі мен тұрақты жұмыспен қамтылуы елдің тұрақты дамуының маңызды факторы екенін бірнеше рет атап өтті. Осы міндетті іске асыруда «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары мен «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы маңызды рөл атқарып келеді.

Облыста биыл «Жасыл ел – 2026» еңбек маусымына қатысушыларды қабылдау сәуір айында басталды. Бағдарлама аясында жастар қалалар мен ауылдарды көгалдандыруға, қоғамдық орындарды абаттандыруға және экологиялық акцияларға қатысады.



► 3-бет



• МАРАПАТ

Парасат пен қаламға көрсетілген құрмет

Кеншілер астанасында қазақ журналистикасы мен рухани-яты үшін айрықша мәні бар тағылымды шара өтті. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, «Орталық Қазақстан» газетінің ардагері, жазушы-публицист Сүйіндік Жұмабайұлы Жанысбай «Парасат» орденімен марапатталды. Мемлекеттік награданы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев салтанатты түрде табыс етіп, қаламгерді жоғары марапатымен құттықтады.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты қабылдауға облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиев, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Марина Шаповалова, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда, «Парасат» орденінің иегері, ардагер журналист Аман Жанғожин және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Сүйіндік Жұмабайұлының саналы ғұмырын ел журналистикасына, ұлттық әдебиетке және рухани құндылықтарды дәріптеуге арнағанын атап өтті.

– Сүйіндік Жұмабайұлы – бірнеше буын журналистерге бағыт-бағдар берген, қаламының қуатымен қоғамның өзекті мәселелерін көтерген тұлға. Бұл марапат – Арқа журналистикасының абыройы. Дәстүрлі журналистиканың орны қандай кезеңде де биік. Өйткені, шынайы сөз бен сарабдал ой қоғамның темірқазығы болып қала береді. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және шығармашылық шабыт тілеймін, – деді облыс әкімі.

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей де мерейтой иесін құттықтап, оның өмір жолы жас журналистер үшін үлкен мектеп екенін айтты.

– Сіз еңбекқорлықтың, кәсібиліктің және азаматтық ұстанымның жарқын үлгісін көрсеттіңіз. Тұтас облыстың шежіресін жасап, елдің мұңын, халықтың айтқан қаламгер ретінде кейінгі буынға мол мұра қалдырдыңыз. Мемлекеттік марапаттың иесі атануыңыз – әділ бағаланған еңбек, – деді Әлібек Үсенұлы.

Ардагер журналист, «Парасат» орденінің иегері Аман Жанғожин ұзақ жылдар бойы Сүйіндік Жұмабайұлымен бірге қызмет атқарғанын айтып, әріптесінің азаматтық болмысына ерекше тоқталды.

– Сүйіндікпен талай жыл иық тіресіп еңбек еттік. Ол – қай жанрға қалам тартса да табиғи



болмысын жоғалтпайтын, сөзге жауапкершілікпен қарайтын бес-аспап қаламгер. Адал еңбегімен әріптестерінің де, оқырманның да құрметіне бөленген азаматтың бұл марапаты – елдің берген бағасы, – деді Аман Жанғожин.

Өз кезегінде «Парасат» орденінің иегері Сүйіндік Жанысбай Мемлекет басшысына, аймақ басшылығына және барша әріптестеріне шынайы ризашылығын білдірді.

– Бұл марапатты бірге еңбек еткен барша әріптестерімнің, ұстаздарымның және оқырмандарымның құрметі деп қабылдаймын. Журналистика – халыққа қызмет етудің сара жолы. Сол жолда адал еңбек етуге тырыстым. Осындай құрмет көрсеткен ел азаматтарына шын жүректен алғыс айтамын. Ел аман, жұрт тыныш болып, тәуелсіз еліміздің мерейі үстем болғай! – деді қаламгер.

Кездесу соңында Сүйіндік Жұмабайұлы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа өзінің «Әлемге әйгілі Әлихан» атты деректі романын тарту етіп, ақ батасын берді. Тағылымды басқосу ұлттық журналистикаға адал қызмет еткен ардагер қаламгерге көрсетілген зор құрметтің жарқын көрінісіне айналды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Бұлақ көрсен, көзін аш»

Облыс аумағында табиғи су көздерін сақтау мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Соның жарқын көрінісі ретінде Абай ауданындағы Топар кенті мен Жартас ауылында орналасқан табиғи бұлақтардың маңы толық абаттандырылып, халық игілігіне қолайлы демалыс орындарына айналды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің бастамасымен қолға алынған «Мөлдір бұлақ» республикалық акциясы аясында атқарылған бұл жұмыстар табиғи су көздерін сақтап, олардың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған. Бұлақтарды қалпына келтіру – табиғатты қорғаудың әрі халықтың мәдениеті мен экологиялық жауапкершілігін арттырудың да маңызды қадамы.

Абаттандыру барысында бұлақтардың айналасы құл-қоқыстан тазартылып, су көздері табиғи тастармен өрілді. Жаяу жүргіншілерге арналған соқпақтар салынып, демалуға арналған орындықтар мен күректер орнатылды. Сонымен бірге, автотұрақ жасалып, айналасы көгалдандырылып, ақпараттық тақтайшалар қойылды. Нәтижесінде бұлақтар тұрғындар мен жолаушылар үшін жайлы әрі қауіпсіз демалыс орнына айналды. Ең бастысы, табиғи су көздерінің бастапқы қалпы сақталып, экологиялық тепе-теңдікке нұқсан келтірілген жоқ.

Мамандардың айтуынша, екі бұлақтың да суы зертханалық сараптамадан өткізіліп, оның сапасы толықтай талапқа сай екені расталған. Бұл жергілікті тұрғындардың ғана емес, жол үстінде аялдап, бұлақ суын пайдаланатын жолаушылардың да қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесімен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министрі Талғат Момышев арнайы танысты.

Аймақ басшысы табиғатты қорғау ісіне белсене қатысып жүрген еріктілерге, қоғамдық ұйымдар мен жастарға, сондай-ақ осы жұмыстарға атсалысқан барлық азаматтарға алғыс білдірді.

– Бұлақ – табиғи ауыз суың қайнар көзі ері халқымыздың табиғи мұрасы. Оның мөлдір қалпын сақтау – бүгінгі буынның ғана емес, келешек ұрпақ ал-



дындағы ортақ парызы. Табиғатты қорғау мәдениеті әр адамның күнделікті өмірінен басталады. Сол себепті, мұндай экологиялық бастамалар баршамызды ортақ іске жұмылдырады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз кезегінде вице-министр Талғат Момышев қазақтың «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген қанатты сөзінің мәніне тоқталып, табиғи су көздерін қорғау елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі екенін айтты.

Қарабас кентінің әкімі Мақсат Тәттімбетов республикалық маңызы бар автожол бойында орналасқан «Сарышоқы» бұлағының ұзақ уақыт бойы жөндеуді қажет еткенін атап өтті.

– «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында бұлақтың өзін ғана емес, оның айналасын да толық ретке келтірдік. Енді, бұл жермен өткен әрбір жолаушы аялдап, демалып, салқын әрі таза су ала алады. Осындай игілікті істің ұзаққа сақталуы әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан, тұрғындарды табиғатқа жана-шырлықпен қарап, бұлақтың тазалығын бірге сақтауға шақырамын, – деді ол.

Топар мен Жартас ауылдарының тұрғындары бұл бұлақтарды ерте кезден тұрмыстық қажеттілікке пайдаланып келеді. Ел аузындағы аңыздарға сүйенсек, Шерубай батыр заманында жауынгерлер «Сарышоқы» бұлағына аялдап, шөлін

қандырып отырған. Бүгінде тарихи маңызы бар осы бұлақ қайта жаңғыртылып, табиғи ерекшелігін сақтай отырып, жаңа келбетке ие болды.

Топар кентінің тұрғыны Марат Құлжанбековтің айтуынша, ол бұл бұлақтың суын көп жылдан бері пайдаланып келеді.

– Бұл судың тазалығына бұрыннан сенеміз. Тіпті, зертханалық тексерістен де өткізгенбіз. Қазір мұнда келушілер үшін барлық жағдай жасалған: су алатын орын реттеліп, күрке мен ақпараттық тақта орнатылды, айналасы абаттандырылды. Осындай игі іске үлес қосқан азаматтарға тұрғындар атынан алғысымыз білдіреміз, – деді ол.

Экологиялық акция аясында Ескі Тихоновка ауылындағы табиғи бұлақ тартке келтірілді. Бұл жұмыстар өңірдегі табиғи су көздерін сақтау бағытындағы кешенді шаралардың бір бөлігі саналады.

Таза су – тіршіліктің бастауы. Сондықтан, табиғи бұлақтарды қорғау мен күтіп-баптау – қоршаған ортаны сақтаудың, ұлттық құндылықтарымызды доріптеудің де маңызды көрінісі. Облыста қолға алынған бұл игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасып, өңірдегі өзге де табиғи су көздері кезек-кезеңімен абаттандырылатын болады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жұмыспен қамту: нәтиже мен мүмкіндік

Аймақта тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту, жаңа жұмыстарын ашу және еңбек нарығындағы теңгерімді сақтау бағытындағы жүйелі жұмыстар жалғасуда. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында осы саладағы қазіргі ахуал сараланып, жыл соңына дейін орындалуға тиіс міндеттер пысықталды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлерде жұмыс орындарын құрудың нақты картасын әзірлеп, оның орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды. Президент тапсырмасы аясында Қарағанды облысында Өңірлік жұмыспен қамту картасы іске асырылып, мемлекеттік бағдарламалар мен экономиканың нақты секторындағы инвестициялық жобалар бір арнаға тоғыстырылуда.

Жиында облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғалымжан Спабеков өңірдегі еңбек нарығының негізгі көрсеткіштеріне тоқталды.

Биылғы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша облыстағы жұмыссыздық деңгейі 4 пайызды құрады. Бұл – республикадағы ең төмен көрсеткіштердің бірі. Биыл Өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде 27,5 мың адамды еңбекпен қамту көзделген.

– 1 шілдедегі жағдай бойынша 17,5 мың тұрғын жұмыспен қамту шараларына тартылды. Оның ішінде 12,9 мың адам тұрақты және уақытша жұмыс орындарына орналасты. Жыл басынан бері облыста 3,5 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Бес мыңға жуық азамат жұмыс берушілер ұсынған бос орындарға орналасса, 4,4 мың адам мемлекеттік жұмыспен қамту шараларына қатысты, – деді Ғалымжан Спабеков.

Басқарма басшысының айтуынша, еңбек нарығына алғаш қадам басқан жастарды, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы тұрғындарды жұмыспен қамтуға басымдық беріліп отыр. Жыл басынан бері төрт мыңнан астам жас пен мүгедектігі бар 741 азамат жұмысқа орналасса, сондай-ақ, өңірде «Күміс қосақ», «Алтын жас», жастар тәжірибесі, қоғамдық жұмыстар және әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламалары да жалғасуда.

Тұрғындарды дайын жұмыс орындарына орналастырумен қатар, олардың жаңа кәсіп менгеруіне және жеке ісін бастауына да жағдай жасалуда. Сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту ұйымдастырылып, «SkillsEnbek» платформасы арқылы тегін онлайн курстар ұсынылуда.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Түлібаев агроөнеркәсіп кешеніндегі жобалар есебінен ашылатын жұмыс орындары жөнінде баяндады.

2022-2030 жылдарға арналған Агроөнеркәсіп кешенін дамыту тұжырымдамасына сәйкес, биыл Қарағанды облысында кемінде 118 жаңа жұмыс орнын ашу міндеті белгіленген. Алайда, өңірде жүзеге асырылатын инвестиция-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

лық жобалардың мүмкіндігі бұл көрсеткіштен әлдеқайда жоғары.

– Биыл агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобалардың жол картасы аясында жалпы құны 65,4 миллиард теңге болатын 32 жобаны іске асыру жоспарланды. Жобалар толық жүзеге асқанда 393 жаңа жұмыс орны құрылады. Қазіргі уақытта жалпы құны 9,7 миллиард теңгені құрайтын төрт жоба пайдалануға беріліп, 97 жаңа жұмыс орны ашылды, – деді Ануар Түлібаев.

Өнеркәсіп саласында да жаңа жұмыс орындарын құруға басымдық берілді. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиевтің айтуынша, биыл сала кәсіпорындарында 440 жұмыс орнын ашу жоспарланған.

30 маусымдағы жағдай бойынша оның 202-сі құрылды. Негізгі жұмыс орындары «Saran Machinery», «Silumin of Qazaqstan» және «Karaganda Insulation» кәсіпорындарында ашылған. Атап айтқанда, «Saran Machinery» кәсіпорны 90 адамды, «Silumin of Qazaqstan» 80 адамды, ал «Karaganda Insulation» 32 адамды жұмыспен қамтыған.

– Жыл соңына дейін бірқатар жаңа жобаны іске қосып, өндіріс орындарын кеңейту жоспарланып отыр. «QAZCLINKER», «Лам 2030», «Gold Corp», «Arcus Invest» және «Проект Трейд» кәсіпорындарында жаңа жұмыс орындары ашылады. Өнеркәсіптік жобалардың іске асырылуы өңір экономикасының дамуына ғана емес, тұрғындардың тұрақты жұмыспен қамтылуына да серпін береді, – деді Асқар Ғазалиев.

Жиында келтірілген деректер жұмыспен қамту саясатының тек мемлекеттік бағдарламалармен шектелмейтінін аңғартты. Тұрғындарды бос жұмыс орындарына орналастыру, жаңа кәсіпке оқыту, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және инвестициялық жобалар арқылы тұрақты жұмыс орындарын ашу өзара сабақтастықта жүргізілуі тиіс.

Сонымен бірге, құрылған жұмыс орының саны ғана емес, оның тұрақтылығы, еңбекақы деңгейі мен еңбек жағдайы да назардан тыс қалмауға тиіс. Себебі, жұмыспен қамту көрсеткішінің шынайы нәтижесі азаматтың уақытша қызметке орналасуымен емес, тұрақты табыс тауып, әлеуметтік тұрғыдан қорғалуымен өлшенеді.

Жиында қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жауапты басқармалар мен қала-аудан әкімдеріне жоспарланған көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Инвестициялық жобаларды мерзімінде іске қосу, жаңа жұмыс орындарын нақты азаматтармен толықтыру және жұмыспен қамту картасына енгізілген міндеттердің сапалы орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ораз Қайсаұлына жүктелді.

Сала саңлақтарының салтанаты

Кеншілер өлкесінде су және балық шаруашылығы саласының қызметкерлеріне кәсіби мерекесі қарсаңында құрмет көрсетіліп, сала дамуына сүбелі үлес қосып жүрген үздік мамандар марапатталды. Салтанатты жиында көп жылғы адал еңбегімен ерекшеленген қызметкерлерге ведомстволық награда, төсбелгі мен Алғыс хат табыс етілді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде Су шаруашылығы қызметкерлері күні жыл сайын 9 шілдеде, ал, Балық шаруашылығы қызметкерлері күні шілде айының екінші жексенбісінде аталып өтіледі. Бұл қос мереке – табиғи ресурстарды қорғап, оларды тиімді пайдалануға, су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және балық қорын сақтап, молайтуға өлшеусіз үлес қосып жүрген азаматтардың қажырлы еңбегіне көрсетілген құрметтің айқын көрінісі.

Салтанатты жиында облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың қоғам алдындағы еңбегінің маңыздылығына тоқталды.

– Су ресурстарын сақтау, өзен-көлдердің экологиялық жағдайын жақсарту, балық шару-

ашылығын дамыту – тұтас елдің тұрақты дамуына тікелей әсер ететін маңызды бағыттар. Бұл міндеттердің табысты орындалуы, ең алдымен, осы салада аянбай еңбек етіп жүрген мамандардың кәсібилігіне, жауапкершілігіне және өз ісіне деген адалдығына байланысты. Табиғат байлығын сақтап, келер ұрпаққа аман жеткізу жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағаланады, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Мерекелік шара барысында сала ардагерлері мен үздік мамандары лайықты марапаттарға ие болды. «Су шаруашылығының ардагері» медалімен Бағит Қантарбекова наградталды. «Балық шаруашылығы саласындағы мінсіз қызметі үшін» төсбелгісі «Агропромремстрой» ЖШС-нің қорықшысы Серік Бимағамбетовке табысталды.

Ал, «Балық шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері»



құрметті атағы жеке кәсіпкер Василий Волков пен «Спорт өмірі» ЖШС-нің директоры Валерий Громовқа берілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Алғыс хатымен «Нұра-Сарысу» облысаралық бассейндік балық

шаруашылығы инспекциясы» РММ басшысының орынбасары Бекзат Махажанов марапатталды.

Бұдан бөлек, қызметтік міндетін абыроймен атқарып, өңірдегі су және балық шаруашылығының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар мамандарға

Қарағанды облысы әкімінің және Балық шаруашылығы комитеті төрағасының Алғыс хаты табыс етілді. Осылайша, сала қызметкерлерінің тынымсыз еңбегі мен кәсіби шеберлігі жоғары бағаланды.

Су және балық шаруашылығы



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

– елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, табиғи тепе-теңдікті сақтайтын әрі азықтүлік қауіпсіздігін нығайтатын стратегиялық маңызы бар саланың бірі. Су ресурстарын тиімді басқару, өзен-көлдерді қорғау, балық қорын сақтау мен молайту бағытындағы жұмыстар күн сайын үздіксіз атқарылып келеді. Сондықтан, бұл салада еңбек ететін мамандардың еңбегі қашанда ерекше құрметке лайық.

Осындай игі шаралар арқылы өз ісіне адал азаматтардың еңбегі лайықты бағаланып, жас мамандарға үлгі көрсетіледі. Табиғатқа жанашырлық танытып, ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген сала қызметкерлерін ұлықтау – олардың мәртебесін көтеріп қана қоймай, су және балық шаруашылығының одан әрі дамуына жаңа серпін береді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

«Жасыл ел» жасақтары жарап тұр

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бағдарламаға 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтар қатысып, өңірді көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалау және экологиялық акцияларға атсалысады. Жастар табиғатты қорғауға бағытталған түрлі қоғамдық шараларға белсенді қатысады.

Бүгінгі Z ұрпағы үшін алғашқы еңбек тәжірибесі ерекше маңызды. Олар жұмыс барысында тек табыс тауып қана қоймай, ұжыммен жұмыс істеуді, жауапкершілікті, уақытты тиімді жоспарлауды және еңбек тәртібін меңгереді. Бұл дағдылар кейін тұрақты жұмысқа орналасуда үлкен артықшылық береді.

– Биыл Қарағанды қаласында «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 2 мың жас маусымдық жұмыспен қамтылып отыр. Өткен жылмен салыстырғанда жобаға деген қызығушылық айтарлықтай артты. Қатысуға ниет білдіретін жастар саны көбейіп, бос орындар жарияланған сәттен бастап өтінімдер қысқа уақыт ішінде толады. Қазіргі Z ұрпағы үшін жалақы маңызды болғанымен, олардың басым бөлігі алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауға, жаңа дағдыларды меңгеруге және ұжымда жұмыс істеуді үйренуге де ерекше мән береді. «Жасыл ел» бағдарламасы жастардың еңбекке деген жауапкершілігін қалыптастырып, тәртіпке, ұйымшылдыққа және ортақ іске үлес қосуға баулиды. Бұл олардың болашақ кәсіби өміріне берік негіз қалайды. Бағдарлама тек көгалдандыру жұмыстарымен шектелмейді.

Қатысушылар экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, патриоттық тәрбиеге, еріктілік пен қоғамдық белсенділікті дамытуға бағытталған түрлі іс-шараларға қатысады. «Жасыл елден» еңбек жолын бастап, бүгінде әртүрлі салада тұрақты жұмыс істеп жүрген жастар аз емес, – дейді Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Рахат Райымбеков.

Биыл «Жасыл ел» жобасы Қарағанды облысында жаңа форматта жүзеге асырылып жатыр. Бұрын еңбек жасақтары негізінен жазғы маусымда ғана жұмыс істесе, енді жоба жыл бойы ұйымдастырылатын форматқа көшуде. Бұл жастарды жұмыспен қамту мүмкіндігін кеңейтіп, қатысушылар санын арттыруға жол ашып отыр. Жобаға іріктеу кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастарға басымдық беріледі. Сондай-ақ, биыл алғаш рет мүмкіндігі шектеулі жастардың қатысуына ерекше көңіл бөлініп, инклюзивті бағыт кеңейтілді. Бұл мемлекеттік бағдарламаның әлеуметтік қолдау тетіктерін күшейтіп, жастарға тең мүмкіндік беру қағидатын іске асыруға ықпал етіп отыр.

Тағы бір жаңашылдық – қатысушыларды қабылдау үдерісі толықтай цифрландырылды. Өтінімдер электронды форматта қабылданып, кезек автоматты түрде қалыптастырылады. Жастар GreenMap цифрлық жүйесі арқылы ағаштар мен жасыл желектердің есебін жүргізуді, олардың жай-күйін тіркеуді меңгереді. Бұл экологиялық мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, жастардың цифрлық дағдыла-



рын дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарлама барысында жастар тек абаттандыру жұмыстарына қатысып қоймай, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясындағы экологиялық акцияларға, командалық тренингтерге және қоғамдық белсенділікті арттыруға бағытталған іс-шараларға да тартылады. Бұл олардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырып, еңбекпен қатар көшбасшылық және коммуникациялық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

– Биыл Қарағанды облысында «Жасыл ел» еңбек жасақтарына қатысатын 14-15 жастағы жасөспірімдер айына 85 мың теңге, ал 16-34 жас аралығындағы жастар 127 мың теңгеге дейін жа-

лақы алады. Еңбекакысы жұмыс уақытына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес төленеді. Бұл жастардың өз еңбегімен алғашқы табысын тауып, қаржылық жауапкершілікті сезінуіне мүмкіндік береді. Жоба қатысушылары еңбек шартымен рәсімделіп, заңнамаға сәйкес әлеуметтік аударымдармен қамтылады, – деді облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Айсұлу Ерниязова.

Қазіргі еңбек нарығында дипломнан бұрын практикалық тәжірибе мен кәсіби машық бағаланады. Мемлекеттік бағдарламалардың басты артықшылығы – жастардың еңбек жолын жеңіл-

детіп, жұмыс беруші мен жас маман арасындағы алғашқы байланысты қалыптастыруында. Қатысушылар тарапынан жұмыс маусымын ұзарту, жастар санын көбейту және осындай жобаларды жыл бойы ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар жиі айтылады. Бұл бастамалар бағдарламаны одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Ең бастысы, «Жасыл ел» – жастарды еңбекке баулып қана қоймай, олардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, қоғамға пайдалы әрі белсенді тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды жоба.

– Биыл алғаш рет «Жасыл ел» бағдарламасына қатысып жатырмын. Бастапқыда жазғы демалыс-

ста табыс тауып, бос уақытымды тиімді өткізуді ойладым. Бірақ жұмыс барысында бұл жобаның маңызы әлдеқайда кең екенін түсіндім. Мұнда еңбек тәртібін сақтауды, уақытты бағалауды, ұжыммен бірлесіп жұмыс істеуді үйрендік. Әртүрлі жастармен танысып, жаңа достар таптым. Жетекшілеріміз қауіпсіздік ережелерін сақтауды, жауапкершілікпен жұмыс істеуді үнемі түсіндіріп отырады. Еңбегімізге лайықты жалақы алып жатқанымыз да – біз үшін үлкен қолдау. Бұл – өз еңбегіммен тапқан алғашқы табысым. Болашақта қай салада жұмыс істесем де, осы бағдарламада алған тәжірибе мен қалыптасқан еңбек дағдылары маған көмектесетініне сенімдімін, – деді «Жасыл ел» бағдарламасының қатысушысы Ақбар Мұқашев.

Жастарды еңбекке баулу тек экономикалық емес, тәрбиелік маңызға да ие. Қоғамдық жұмысқа араласқан жас өз өңіріне жауапкершілікпен қарап, табиғатты қорғауға және туған жердің дамуына үлес қосуға ұмтылады. Бұл – Президент бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытымен де үндес.

Осы бағыттағы тағы бір тиімді жоба – «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы. Жоғары және арнаулы орта оқу орындарын аяқтаған түлектер өз мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтап, жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатады. Көп жағдайда жастар тәжірибесі аяқталған соң тұрақты қызметке орналасып жатады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жаңа бөлімшенің жарқын қадамы



Балқаш тұрғындары үшін мамандандырылған медициналық көмек бұрынғыдан да қолжетімді бола түсті. Қаладағы көпбейінді ауруханада рентгенэндоваскулярлық хирургия бөлімшесі іске қосылып, жүрек-қан тамырлары аурулары емдеуге арналған жоғары технологиялық операциялар алғаш рет жергілікті жерде жасала бастады. Бұл тұрғындардың уақыт оздырмай, өмірге қауіп төндіретін дерттер бойынша сапалы медициналық көмек алуына мүмкіндік береді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа бөлімшенің ашылуы мемлекетке қайтарылған активтер есебінен жүзеге асқан клиниканы жаңғырту жұмыстарының нәтижесі болды. Енді балқаштықтар жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеу үшін Қарағандыға немесе еліміздің өзге де ірі медициналық орталықтарына сабылмай-ақ, қажетті емді өз қаласында қабылдай алады. Бөлімше жұмысын бастап кеткен алғашқы күндердің өзінде-ақ ондаған тұрғынға жоғары технологиялық операциялар жасалды. Үш күн ішінде дәрігерлер 20-дан астам ота жасап, бөлімшенің жаңа мүмкіндіктері іс жүзінде дәлелденді.

Алғашқы пациенттердің бірі – бұған дейін аортокоронарлық шунттау операциясынан өткен азамат. Оған қан тамырлары мен бұрын орнатылған стенттердің жағдайын бағалау мақсатында бақылау коронарографиясы жүргізілді. Ал жедел коронарлық синдроммен жеткізілген 78 жастағы әйелді тексеру барысында коронарлық артерияның

едеуір тарылғаны анықталып, дәрігерлер шұғыл түрде баллондық ангиопластика мен стенттеу операциясын жасады. Екі ота да сәтті аяқталды.

– Біз қазір шұғыл науқастармен қатар жоспарлы пациенттерді де қабылдай бастадық. 7 шілдеден бері үш күн ішінде 20-дан астам ота жасалды, бүгінге тағы 6 ота жоспарланған. Барлық медициналық көмек МӘМС жүйесі аясында тегін көрсетіледі. Бөлімше штаттық режимде жұмыс істеп тұр, – дейді Балқаш көпбейінді ауруханасы директорының орынбасары Дәулет Тастамбеков.

Жаңа бөлімше қажетті медициналық мамандармен толық жасакталған. Балқашқа еліміздің өзге қалаларынан тәжірибелі екі дәрігер шақырылып, оларға қызметтік тұрғын үй берілген.

Өңірлік медицинаның әлеуетін арттыруға бағытталған мұндай жобалар шалғай аймақ тұрғындары үшін жоғары технологиялық көмектің қолжетімділігін кеңейтіп, жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын қауіп-қатерді азайтуға ықпал етеді.

БАЛҚАШ

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+ математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Түризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылымстық кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ25LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№180

• СҮЙІНШІ!

Әлемдік ән додасында топ жарды

Қарағандылық әнші Қызғалдақ Әуесханқызы халықаралық деңгейдегі өнер додасында топ жарып, SUPER GRAND PRIX иегері атанды. Грузияда өткен вокалдық байқауда Қазақстан атынан өнер көрсеткен әнші қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, ел мерейін үстем етті.

Қызғалдақ Әуесханқызы бұған дейін халықаралық «Slavianski Bazaar in Vitebsk» фестивалінің Қазақстандағы ұлттық іріктеуіне қатысып, бірнеше кезеңнен сәтті өткен болатын. Алдымен, облыстық кезеңде жеңімпаз атанған өнерпаз кейін Алматы қаласында ұйымдастырылған республикалық іріктеуде бақ сынады.

Мыңнан астам үміткер қатысқан байқаудың қорытынды кезеңіне небәрі 12 өнерпаз жолдама алды. Солардың арасынан халықаралық өнер додасында Қазақстан атынан өнер көрсету мүмкіндігіне ие болған үш ән-

шінің бірі – Қызғалдақ Әуесханқызы.

Сахна мәдениеті, орындаушылық шеберлігі мен дауыс диапазонының кеңдігі арқылы ерекшеленген қарағандылық әнші халықаралық қазылар алқасының назарын аударып, Грузияда өткен вокалдық байқаудың ең жоғары марапатына ие болды.

Жас әншінің жарқын жеңісі – бір өнерпаздың ғана емес, тұтас ел мәдениетінің мерейі екені даусыз.

Өз тілшімізден

Сурет кейіпкердің есеке мұрағатынан



• БӘРЕКЕЛДІ!

Білім грантын иеленді

Қарқаралы ауданының Нұркен ауылындағы №10 мектептің оқушысы Кәусар Тоқтаубай білімге деген талпынысы мен табандылығының арқасында IQanat білім беру грантын жеңіп алды. Енді ол еліміздегі дарынды ауыл балаларына арналған беделді оқу орындарының бірі – IQanat High School of Buryabay мектебінде тегін білім алады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Кәусар» республикалық IQanat олимпиадасының көпсалты іріктеуінен сәтті өтіп, финалда үздіктер қатарынан көрінді. Алматы қаласында өткен шешуші кезеңге еліміздің түпкір-түпкірінен мыңнан астам оқушы қатысқан. Ал биылғы олимпиадада Қазақстанның ауыл мектептерінен 60 мыңнан астам оқушы бақ сынады.

Болашақта дәрігер болуды армандайтын Кәусардың сүйікті пәндері – биология, математика, ағылшын тілі және қазақ әдебиеті. Ол сабақтан тыс уақытта көркемсөз оқу байқауларына тұрақты қатысып, қазақ ақындарының шығармаларын мәнерлеп оқуды ұнатады. Олимпиадаға дайындықты ол өткен жылдың желтоқсанында бастаған. Бірнеше ай бойы математика, биология және ағылшын тілінен жүйелі дайындалып, күн сайын білімін жетілдіруге күш салған.



– Білім беру грантын жеңіп алғанымды естігенде алғашында тіпті сене алмадым. Бұл өмірімдегі ең әсерлі сәттердің бірі болды. Қуаныштан көзіме жас келді, еңбегімнің ақталғанына біраз уақытқа дейін сенбей жүрдім. Ендігі мақсатым – Бұрабайдағы IQanat мектебін үздік аяқтап, Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарының біріне түсу. Мен үшін IQanat – сапалы білімге, жаңа мүмкіндіктерге бастайтын жол. Бұл ауыл балаларының арманына қанат бітіріп, өз қабілетін

толық ашуына мүмкіндік беретін ең құнды жобалардың бірі екеніне кәміл сенемін, – дейді грант иегері Кәусар Тоқтаубай.

IQanat – ауыл мектептеріндегі дарынды оқушыларға сапалы білім алуға мүмкіндік беретін әлеуметтік-білім беру жобасы. Бүгінде бастаманы Қазақстанның 250 кәсіпкері қолдап келеді. Жоба аясында жеңімпаздар Бұрабайдағы IQanat High School мектебінде тегін білім алып қана қоймай, ағылшын тілі, IT бағыттары және ҰБТ-ға дайындық бойынша ке-

шенді қолдауға ие болады.

Соңғы жеті жыл ішінде Қарағанды облысынан 45 оқушы IQanat High School of Buryabay мектебінде білім алуға арналған грантты жеңіп алған. Биыл өңірдің ауылдық елдімекендерінен тағы бес оқушы осы мүмкіндікке ие болды. Бұл ауыл жастарының сапалы білімге қол жеткізуіне жауап берген нақты қолдаудың нәтижесін көрсетеді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Үздіктер үзенгі қағысты

Футболдан Америка құрлығында өтіп жатқан әлем чемпионатының 1/4 финалы аяқталды. Сегіз команда келесі айналым жолдамасы үшін жан алысып-жан беріскен кездесулер өткізді.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы мундиальда жанкүйерлерді сүйсіндірген Норвегияның ұлттық құрамасы болды. Викингтердің ұрпақтары әр жеңістерінен кейін жасыл алаңда мыңдаған жанкүйерімен есек есіп, рухтарын көтерді. Сөйтіп, спортшылар жаһан жұртының назары ауган чемпионатта өздерінің жауынгер бабаларының даңқын жаңғыртты. Сарапшылар ерекше дизайндағы жейде де осы жігіттерде екеніне назар аударуда.

Төрткүл дүние көз тіккен әлемдік доп додасының 1/4 кезеңінде норвегтер Англия құрамасымен ойнады. Жанкүйерлердің назары осы ойында болды. Чемпиондар лигасында да, Бундеслигада да Германияның Бавария сапында гол жаудырған әйгілі Харри Кейн бар осында. Маркус Рэшфорд, Энтони Гордон, Букайо Сака. Кіл мергендер. Жартылай қорғанысында Жуд Бэлингем, Дэклан Райс, Джордан Хэндорсон, Кобби Мэйну және тағы да басқа үздіктер. Сарапашылар дәл осы Англия құрамасын фаворит ретінде көрді. Норвегияны ірі есеппен жеңеді деген болжам болды. Бірақ ірі есеп тіркелген жоқ. Керісінше, Норвегия бірінші болып есеп ашты.

Аргентина мен Швейцария арасындағы ойын 3:1 есебімен аяқталды. Футболдың гении деп бағаланған Леонел Месси бастаған жігіттер басым түсті. Бұл матчта Хулиан Алварестің қапталдан айналдыра соққан добы керемет болды.

Чемпионаттың басты фавориттерінің бірі Франция құрамасы Морокконь үйлеріне қайтарды. Килиан Мбаппе мен Усман Демпеле бір-бір доптан соғып, басты қаһармандарға айналды.

Тағы бір фаворит Испания ұлттық құрамасы Белгияны 2:1 есебімен жеңді.

Жартылай финал тіпті қызық болмақ. Испания мен Франция, Аргентина мен Англия құрамасы ойнайды.

Сурет Fifa.com



Гол авторы – Шельдеруп. Англия құрамасы біраз әуреге түсті-ау. Реал Мадрид сапында сәтсіздеу маусым өткізген Жуд Бэлингем жасындай жарқырап, дубль жасады. Ойын 2:1 есебімен аяқталды. Сөйтіп, жанкүйерлердің махаббатына бөленген норвегтер отандарына қайтты.

Аргентина мен Швейцария арасындағы ойын 3:1 есебімен аяқталды. Футболдың гении деп бағаланған Леонел Месси бастаған жігіттер басым түсті. Бұл матчта Хулиан Алварестің қапталдан айналдыра соққан добы керемет болды.

Чемпионаттың басты фавориттерінің бірі Франция құрамасы Морокконь үйлеріне қайтарды. Килиан Мбаппе мен Усман Демпеле бір-бір доптан соғып, басты қаһармандарға айналды.

Тағы бір фаворит Испания ұлттық құрамасы Белгияны 2:1 есебімен жеңді.

Жартылай финал тіпті қызық болмақ. Испания мен Франция, Аргентина мен Англия құрамасы ойнайды.

• ФУТБОЛ

Мүмкіндікке жол ашқан матч

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы 1-ші лигадағы ең маңызды, орталық ойындардың бірін өткізіп, түркістандық «Тұран» командасын өз алаңында қабылдады. Екі команда да Қазақстан премьер лигасына көтерілуге дәмелі еді. Бұл маңызды ойында «Шахтер» клубының ойыншыларын қолдауға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы келіп, жанкүйерлер қатарынан көрінді.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы «Шахтер» футбол клубының ойындарын үнемі назарда ұстайды. Сонымен қатар, Ермағанбет Бөлекпаев облыстық футбол қауымдастығының президенті

екенін де атап өткен жөн. Оның бастамасымен клубты дамыту мақсатында ауқымды жобалар да жүзеге асып жатыр.

Қарағандылықтар түркістандық ұжымды өз алаңында 1:0 есебімен жеңіп, алға қойған мақсаттарына бір табан жақындады. Матчтағы жалғыз гол 16 минутта соғылды. Арман Нүсіптің

бұрыштан көтерген добын қарбалас ішінен қорғаушы Александр Мигунов қақпаға тоғытты.

Гол соғылғаннан кейін «Тұран» шабуылшылары жүйелі шабуылдар ұйымдастыруға тырысып бақты. Андрей Финонченко бастаған ұжым қорғаныста сауатты ойнады. Тіпті, қауіпті қарымта шабуылға шығудың бірнеше рет орайын тапты. Бірақ, аузы күйген қонақтардың жартылай қорғанысы да, артқы шебі де қателікке бой алдырған жоқ.

Екінші тайм да қызықты өтті. «Шахтер» футбол клубының физикалық дайындығы да, тактикалық дайындығы да жанкүйерлерді қуантты. Әсіресе, қарымта шабуылды өте жылдам ұйымдастырумен қарсыластың біраз мазасын алды.

Бұл жеңістен кейін «Шахтер» турнирлік кестеле көшбасшы «Қайрат-Жастар» клубын өкшелеп, Премьер-лигаға (КПЛ) жолдама алу үшін басты үміткер ретінде позициясын нығайтты.

Бірінші лиганың екінші айналымы (14-тур) 16-17 шілдеде басталады.

Сурет «Шахтер» футбол клубының инстаграм парақшасынан

Бәсі биік бес жүлде



(Соңы. Басы 1-бетте)

Әр өңірдің қымызы әртүрлі болғандықтан, өнімнің қай облыстан әкелінгенін білмедік. Қазылар алдында тек реттік нөмірлер ғана тұрды. Алпысқа жуық өнімнің ішінен үздіктерді анықтау оңай болған жоқ. Соған қарамастан, барлық шешім тек сапаға сүйене отырып қабылданды, – деді қазылар алқасының мүшесі, медицина ғылымдарының докторы Бакытжан Рысқұлұлы.

Фестивальдегі ең жарқын жеңістің бірі Қарқаралы ауданының Теректі ауылына бұйырды. «Теректінің текті қымызы» көпшіліктің тікелей таңдауы арқылы анықталған «Халық таңдауы» аталымында алтын жүлдеге ие болды.

Онлайн дауыс беру желісінде Теректінің қымызына 7500 адам қолдау білдіріп, 59 қатысушының арасынан бірінші орынға шықты. Жуырда Қарқаралыда өткен байқауда да үздіктер қатарынан көрінген теректіліктер елорда төріндегі

халықаралық додада сол жеңісінің кездейсоқ еместігін дәлелдеді.

Қарағандының қымыз өндірушілері «Ем қымыз» аталымында да қатарынан екі жүлде алды. Ақтоғай ауданының «Saryterek» қымызы күміс жүлдеге ие болса, Қарқаралы ауданының «Sarybel» өнімі қола жүлдені еншіледі. Бұл аталымда қымыздың дәмі мен сапасынан бөлек, оның дайындалу ерекшелігі, табиғилығы мен емдік қасиеті де ескерілді.

Арнайы аталымдарда да Қарағанды облысының өкілдері олжасыз қалған жоқ. Бұқар жырау ауданынан барған «Saba» қымызы «Күміс тостаған» аталымының жеңімпазы атанды.

Ал, Қарқаралы ауданының «Ақтерек» қымызы «Дәстүр сақтаушы» номинациясына лайық деп танылды. Бұған дейін Қарқаралыда өткен аймақаралық гастрофестивальде Бас жүлдені иеленген «Ақтерек» халықаралық додада да сапасы мен дәстүрлі дайындалу тәсілін мойындатты.

Бабадан қалған кәсіптің бағы



жанып, ұлттық сусынның абыройы асқақтай берсін!

– Біз бүгінде 30 биені қолмен сауамыз. Жылқыларымыз тау бөктеріндегі құнарлы жайылымда бағылады.

Күнде алты-жеті мәрте сауамыз. Ата кәсіпті арқау еткенімізге де 17 жылдың жүзі болды. Алғашында жалғыз ғана биенен бастаған едік. Бүгінде ша-

рауашылығымыз кеңейіп, қымызымызды ел танып келеді. «Хан қымыз», «Сұлтан қымыз», «Құлын қымыз», «Бесті қымыз» секілді бірнеше түрін ұсындық. Әрқайсысының дайындалу тәсілі мен дәмдік ерекшелігі бар. Мәселен, «Хан қымызға» ту биенің қазысы қосылады. Ол – дәмі қанық, нәрі мол ерекше қымыз. «Сұлтан қымыз» қойдың құйрық майымен бапталса, «Құлын қымыз» күнделікті ішуге арналған жеңіл әрі жұмсақ дәмімен ерекшеленеді. Тобылғымен ысталып, қаймақпен бапталған қою қымызымыз да жұртшылықтың жоғары бағасына ие болды, – дейді «Қарқаралы Ақтерек» брендінің негізін қалаушы Бұрхан Жолтай.

Арқа өңірі – кең жайлау, алуан шөпті өрісі мен таза ауасы жылқы шаруашылығын өркендетуге қолайлы. Ал, сол табиғи артықшылықты ата кәсіппен ұшта-

стырып, сапалы өнімге айналдыру – ауылдағы еңбек адамдарының еншісіндегі іс. Дәстүрлі дәмді жоғалтпай, оны нарық талабына бейімдей алған шаруашылықтардың болашағы зор.

Бабадан қалған кәсіптің бағы жанып, ұлттық сусынның абыройы асқақтай берсін!

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ЖАЗУШЫ САПАРҒАЛИ ЛӘМБЕКҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

Мемориалдық тақта ашылды

Қарқаралыда журналист, ақын, жазушы, драматург, КСРО, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одақтарының мүшесі, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Сапарғали Ләмбекұлының есімі жазылған мемориалдық тақтаның ашылу рәсімі өтті.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жарық дүние есігін ашқанына 90 жыл толған қаламгердің құрметіне арналған салтанатты жиынға өңір басшылығы, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, жазушының туған-туыстары мен замандастары, әріптестері мен қала тұрғындары қатысты.

Мемориалдық тақтаның ашылу рәсімінде аудан әкімінің орынбасары Нұржан Ағыбайұлы Ілияш, ардагерлердің облыстық кеңесінің төрағасы Ғабит Шоңраулы Тұяков, білім беру ісінің ардагері Тілек Сәдуақасұлы және қаламгердің жақындары Сапарғали Ләмбекұлының қазақ әдебиеті мен журналистикасына, туған жерінің рухани өміріне сіңірген өлшеусіз еңбегі туралы әңгімеледі.

Мемориалдық тақтаның ашылу салтанатында қазақтың ұлттық дәстүріне сай шашу шашылған соң іс-шара Шолпан

Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінде қаламгердің рухани мұрасына баға беріп, насихаттауға жалғасты. Онда Сапарғали Ләмбекұлының өмір жолы мен шығармашылық мұрасына қатысты естеліктер айтылып, салтанатты шарада сөз алғандар оның журналистика мен әдебиеттегі орнына тоқталды.

Іс-шара барысында қаламгердің шығармалары бойынша аудан жасөспірімдері арасында ұйымдастырылған эссе байқауының қорытындысы шығарылып, оның жеңімпаздары мен жүлдегерлері Алғыс хаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Қаламгердің өміршең шығармаларын зерделейтін оқырмандар бар кезде Сапарғали Ләмбекұлының шығармашылық мұрасы мен азаматтық болмысы кейінгі ұрпаққа өнеге болып, туған жерінің тарихымен бірге жасай береді.

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ІЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 284 №74 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерік НАРЫН
--